



«БЕКІТЕМІН»

«С. Прокофьев атындағы № 3 БММ» МКҚК

директорының м.а.

К.К. Саниязова

2024 жылғы «15» сәуір

2024 жылы ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарлама

2024 жылғы Алматы қаласының квазимемлекеттік ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау кестесіне (бұдан әрі - СЖТТ) және директордың 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 11-Л бұйрығына сәйкес 25.04.24-25.05.2024 ж. аралығында ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

Ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

Қызметті, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жүргізу (оның ішінде қызметтің бағыттары) (ұйымның тексерілетін кезеңде қабылдаған қолданыстағы құқықтық актілеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау);

- ✓ Ұйымның қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттардағы тәуекелдерді анықтау;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау:

- ✓ Қызметкерлерді басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ✓ Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ✓ Қаржыландыру жобаларының тиісінше іске асырылуына мониторинг жүргізу процестерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ✓ Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ✓ Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ✓ Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ✓ Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
- ✓ Қызметі туралы ақпарат жинауды жүргізу (тәртіптік практика, рұқсат беру функцияларын іске асыру және өзге де мәселелер)